



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жыдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№9 (2012) 1 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

ҰЛТ МҰДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ҮЛГІСІ

Қазақ ғылымының көрнекті өкілі, академик, мемлекет және қоғам қайраткері **Өмірбек Жолдасбековтің туғанына – 95 жыл.** Бұл қайраткер тұлғаның жарқын есімі мен өлшеусіз еңбегін ұлықтай отырып, ұлт ғылымы алдындағы парызымызды терең сезінетін тағылымды сөт.

Өмірбек Арысланұлы – білім мен ғылымды ел дамуының стратегиялық өзегіне айналдырған, терең ғылыми ой мен кемел ұйымдастырушылықты үйлестіре білген біртуар тұлға. Бүкіл саналы ғұмыры ұлт мүддесіне қызмет етудің, ғылымға адалдықтың, мемлекетшіл парасаттың үлгісі болды.

Ғалым механика және машина жасау саласында ұлттық ғылыми мектеп қалыптастырып, қазақстандық инженерлік ойлау мәдениетінің негізін қа-

лады. Теориялық механика, машина және механизмдер теориясы бағытындағы іргелі зерттеулері отандық ғылымның көкжиегін кеңейтті.

Оның ұстазы, механизмдер мен машиналар теориясының әлемге әйгілі өкілі, академик Иван Артоболовский Ө.Жолдасбековтің жоғары деңгейдегі механизмдер теориясын дамытуға қосқан үлесін және әлемдік тәжірибеде баламасы жоқ жаңа механизмдер мен манипуляциялық құрылымдар жасағанын жоғары бағалады. Бұл еңбектер авторлық куәліктермен қорғалып, шетелдерде патенттелді. 1977 жылы Алматыда машиналар мен механизмдер теориясы жөніндегі Бүкілодақтық бірінші съездің өтуі Қазақстан ғылымының халықаралық деңгейде мойындалуының жарқын көрінісі болды.

Академик В.Гусевтің бағалауынша, Жолдасбеков тек Қазақстан мен Ресейде ғана емес, Азия мен Еуропада та-



XX ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры. Сол дәуірге сәйкес озық ғылыми жетістіктер ғана қоғамды, мемлекетімізді жарқын болашаққа жетелейді, мол табыстарға жеткізеді.

Өмірбек ЖОЛДАСБЕКОВ,
ҚР ҰҒА академигі

нылған ғалым әрі инженер, халықаралық инженерлік қозғалыстың көрнекті ұйымдастырушысы болды. Ол АҚШ, Германия, Англия, Франция, Қытай, Жапония және басқа да елдер қолдау білдірген Халықаралық инженерлік академияны құрушылардың бірі ретінде жаһандық ғылыми кеңістікте беделге ие болды. Оның еңбектерін А.Ишлинский, Н.Бруевич, Б.Патон, Ю.Работнов сынды ірі ғалымдар мойындады.

Ең бастысы – ғалым ғылымды тек академиялық ізденіс деңгейінде емес, елдің индустриялық қуатын арттыратын, экономикалық дербестігін қамтамасыз ететін стратегиялық күш ретінде қарастырды. Механика-машина жасау саласын дамыту арқылы ол технология-



лық тәуелсіздік пен ұлттық қауіпсіздіктің берік іргетасын қалау қажеттігін ерте түсінді.

Төл инженерлік мектеп қалыптастыра алған ел ғана технологиялық тәуелділікті еңсеріп, отандық өндірісті күшейтіп, импортты алмастыру саясатын жүйелі түрде жүзеге асыра алады. Мұндай жағдайда ғылым, білім және өндіріс арасындағы сабақтастық экономиканың жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне негіз болады. Инженерлік кадрлардың кәсіби деңгейі елдің индустриялық келбетін айқындайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеп отырған цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні дамытуға бағытталған стратегиялық бағдар да дәл осы берік инженерлік іргетасқа сүйенеді. Цифрлық трансформация – тек ақпараттық жүйелерді енгізу емес, ол өндірісті автоматтандыру, интеллектуалды модельдеу, жоғары дәлдікті есептеулер мен заманауи инженерлік шешімдерді өмірге әкелу үдерісі. Ал мұның барлығы терең ғылыми база мен қуатты техникалық білімге негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, меха-

ника мен машина жасау саласын дамыту Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылығы мен технологиялық егемендігін қамтамасыз ететін стратегиялық міндет еді. Университеттік ғылым мен инженерлік білім бұл бағытта мемлекет дамуының сенімді тірегіне айналуда тиіс.

Бүгінде осы ұстанымдар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дамуының басым бағыттарымен сабақтастып жатыр. Университет инженерлік және цифрлық ғылымдарды жүйелі түрде дамыта отырып, жаңа индустриялық және технологиялық кезеңге қадам басуда. Қолданбалы математика, ірі мәліметтерді талдау, климаттық модельдеу, инженерлік зерттеулер бағытында кешенді жобалар жүзеге асырылуда. Университеттің суперкомпьютері білім беру мен ғылымға енгізіліп, күрделі есептеулер мен модельдеулерді орындауға, тілдік модельдер әзірлеуге, генетикалық деректерді өңдеуге және инженерлік шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп отыр.

Жалғасы 2-бетте



5-бет

Баян
ЖОЛДАСБЕКОВА:

**Он родился,
чтобы стать
лидером**



6-бет

**Академик
Өмірбек
Жолдасбековтің
ғылыми мұрасы**



7-бет

**Слово об
ученом и
организаторе
науки**



Басы 1-бетте

Farabi Hub инновациялық-технологиялық хабы, Farabi Robotics орталығы, Халықаралық цифрлық технологиялар және робототехника институты, Farabi Chem Science кластері, 3 Tesla MPT аппаратымен жабдықталған Ми институты және ұшқышсыз жүйелер мен жасанды интеллектті дамытуға бағытталған зерттеу алаңдары – барлығы университеттік ғылымның жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін айғақтайды. Бұл бастамалардың түп-тамырында механика мен математикалық модельдеуге негізделген инженерлік ойлау жатыр. Ал инженерлік ойлау мәдениетінің берік іргетасын қалаған тұлғалардың бірі тағы да Өмірбек Жолдасбеков.

Ғалымның тағы бір тарихи еңбегі – білікті инженер кадрларын даярлау жүйесін қалыптастыруы. Ол инженерлік білімді ұлттық зияткерлік капиталдың өзегі ретінде бағалады. Осы бағыттағы қызметінің нәтижесінде Қазақстан Инженерлік академиясы құрылып, сондай-ақ Механика және математика институтының ғылыми бағыты айқындалды. Бұл құрылымдар ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтып, қолданбалы зерттеулердің экономика сұранысына жауап беруіне жол ашты.

Бүгінгі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дәуірінде университеттік ғылымды дамыту – уақыт талабы.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры

ҰЛТ МҰДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ҰЛГІСІ



шылығының көркем қолтаңбасы. Өмірбек Арысланұлының есімі университеттің тарихи дамуы және ғылыми шежіресімен тығыз байланыста.

Қазақ елінің басты білім ордасын басқарған жылдары университет тарихындағы айрықша кезең болды. Ол ректорлық қызметінде жоғары оқу орда-

Ректорлық қызмет кезінде ол білім ордасының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ғылыми әлеуетін арттыруға және халықаралық байланыстарын кеңейтуге бар күшін жұмсады. ҚазҰУ қалашығының салынуы – оның жүйелі жоспарлау, алға ойлау және ғылыми-инновациялық дамуға деген саналы ұмтылысының нақты нәтижесі болды. Жаңа кампус пайдалануға берілгеннен кейін университет жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, заманауи аудиториялар, кешенді зертханалар, студенттік жатақханалар мен спорт инфрақұрылымы білім беру процесінің барлық құрамдас-тарын жетілдіруге мүмкіндік берді. Механика-математика және инженерлік бағыттағы зертханалардың дамуы университеттің ғылыми әлеуетін күшейтіп, жас ғалымдар мен инженерлерді даярлаудың сапасын айтарлықтай арттырды.


Қалашық архитектуралық тұрғыдан да ерекшеленіп, Алматының ғылыми және мәдени орталығы ретінде қалыптасты. Мегаполис ортасында бой көтерген заманауи кампус мыңдаған студентке сапалы білім мен ғылымға жол ашатын қасиетті мекенге айналды. Академиктің бастамасымен жасалған қалашық – мемлекеттің ел болашағына арналған ұзақ мерзімді инвестициясы іспеттес.

Бүгінде университет кампусында заманауи студенттік өмір, ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы және инновациялық жобалар интеграцияланып, білім беру мен ғылымның тығыз байланысын көрсетеді. 2022 жылғы 1 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев универ-

сарайы қайта жаңартылуда. Сонымен қатар қолданыстағы жатақханалар, оқу корпусы және әкімшілік ғимараттар күрделі жөндеуден өтіп, студенттердің білім алу және тұрмыс сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Бұл университеттің стратегиялық миссиясын жүзеге асырудағы үздіксіз жұмысымыздың айқын көрсеткіші.

Өмірбек Жолдасбеков шәкірттері – өткен мен болашақ арасын жалғастырушы буын. Ол ондаған ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындап, ұлттық ғылыми элитаның қалыптасуына ықпал етті. Бүгінде олардың еңбегі жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары және өндіріс салаларында жалғасуда. Жолдасбеков мектебі тек ғылыми бағыт емес, адалдыққа, жауапкершілікке және елге қызмет етуге негізделген ұстанымдар жүйесі болып, шәкірттер ғылымды қоғам игілігіне қызмет ететін құндылық ретінде қабылдады.

XXI ғасыр цифрлық технологиялар және жасанды интеллект дәуірі болып, инженерлік ойлау, математикалық модельдеу, робототехника және автоматтандыру салалары стратегиялық маңызды салаға айналды. Осындай жағдайда Өмірбек Жолдасбековтің ғылымға және инженерлік білімге берген басымдықтары уақыт сынағынан сурінбей өтті. Университеттің робототехника, автоматтандырылған жүйелер, смарт-өндірістерді да-



Осы тұрғыдан алғанда, Өмірбек Арысланұлы қалыптастырған ғылыми мектеп тарихи мұра ғана емес, қазіргі стратегиялық дамуымыздың әдіснамалық негізі. ҚазҰУ-дың инженерлік, робототехникалық және цифрлық жобалары – сол іргелі дәстүрдің заңды жалғасы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қалашығы – академик Өмірбек Жолдасбековтің көреген бас-

сының мазмұндық әрі кадрлық келбетін түбегейлі жаңғыртып, қазақ студенттері мен оқытушыларының үлес салмағын 90 пайызға дейін жеткізді. Факультет декандарының басым бөлігін жергілікті ұлт өкілдерінен тағайындау арқылы университетті шынайы ұлттық деңгейге көтерді. Бұл тек кадрлық саясат емес, елдің зияткерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған стратегиялық қадам еді.



ситетке арнайы келіп, қызметімен танысты. Президентіміз ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңінің Бас жоспарына қолдау көрсетіп, бекіткен болатын. Қазіргі уақытта осы жоспар аясында қалашықта қарқынды құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Оқу корпусы мен жатақханалар салынууда. Стадион толық жаңартудан өтті, спорт кешені мен Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер

мыту бағытындағы жобалары, заманауи зертханалары мен суперкомпьютерлік инфрақұрылымы елдің индустриялық және ғылыми әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосуда.

Академиктің 95 жылдық мерейтойы – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағдар. Оның қалыптастырған ғылыми мектебі, институттары және қалашық құрылысы – барлығы ел игілігі үшін жасалған ерен еңбек. Университеттің бүгінгі келбеті, дамыған инфрақұрылымы, инновациялық орталықтары мен зертханалары Жолдасбеков аманатының жалғасы болып, жаңа буынға үлгі болып отыр. XXI ғасырдың цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дәуірінде біз, оның ізбасарлары, ғылыми мұрасын ұрпаққа жеткізіп, білім мен ғылымды мемлекеттің стратегиялық құндылығы ретінде ұлықтауға міндеттіміз. Академиктің өмір жолы – табандылықтың, білімге адалдықтың және ұлттық мүддеге қызмет етудің символы әрі ҚазҰУ дамуының мәңгілік бағдарын айқындайтын үлгі болып қала бермек.



Қазақ руханиятының талантымен тау жыққан тарланы



ҚазМУ ректоры Ө.А.Жолдасбековтің көшпелі Қызыл туды қабылдау сәті. 1979 жыл

От еді...

«Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ?!»

Хикметтің осы сөзі сенің әрі ұраның еді, әрі құралың еді. Өміріңнің өршіл тұсында өзің тұтқасын ұстаған қасиетті білім ордасы – Қазақ университетіндегі барлық қарыз-парыздың осы ұранмен атқардың; талабы биік, талғамы терең ұстаздар ұжымын осы құралмен басқардың. Нәтижесінде қала ішіндегі ғажайып қала – КазГУград пайда болды.

Өуезов секілді ұлы ұстаздың көзінің нұры, сөзінің сыры дәстүр боп дарыған дана КазГУ

талай таланттың ұшқан ұясы, қонған қиясы десек, сенің ректор кезінде күллі қабілет-күштіңді, тірі пендеде тым сирек ұшырасатын аса шебер ұйымдастырушылық ісінді ел игілігіне жұмсап, он алты жыл ұдайымен қалай жанғаныңды, қалай жалындағаныңды көзімен көрген қарттар мен жастар түгіл, он жеті қабат бас ғимарат қабырғасына өз қолыңмен қалаған тастарға тіл бітіп, кәдімгі сол қара тастар сөйлеп – аңыз ғып жатқандай қазір...

**Зейнолла
ҚАБДОЛОВ,**
ҚР ҰҒА академигі



Ұлы азамат

Өмірбек Арысланұлының университетке ректор болып келуіне байланысты университеттегі ғылыми жұмыстар заманның талабына байланысты жаңа өркендеу жолына түсіп, жүздеп ғылым кандидаттары, ғылым докторлары университет ұжымының қатарына қосылып жатты. Міне, сондықтан да болар, біздің университетіміз бұрынғы Одақтағы үлкен ғы-

лым ошағы және маманданған азаматтарды дайындау бесігіне айналды. Өмекеңнің Қазақ мемлекеттік университетінде 16 жыл ректор болып істеген жылдарындағы артына қалдырған ең бір үлкен мұрасы – ол қазіргі күндері жұрттың бәрі сүйсінетін КазГУград қалашығы.

Сұлтан САРТАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі

Өрге бастар өнеге

Өмірбек Жолдасбеков ХХІ ғасыр мен үшінші мыңжылдықта қазақ азаматының алдынан шығар терең зерделілік пен іскерлік алғырлықтың, азаматтық қайсарлық пен күрескерлік табандылықтың, ізденімпаздық пен дәйектіліктің мейлінше

қатал талабына ХХ ғасырда жүріп-ақ ойдағыдай жауап бере алған айтулы саңлақ еді. Талай ғасыр есесі кетіп, тауы шағылған қазақ руханиятының талантымен тау жыға алған тарланы еді. Қазақ рухының нағыз Геркулесі еді. Оның қал-

дырған мұрасы әрідегі әл-Фараби мен берідегі Қаныш Сәтбаевтар асқақтатқан асқар биіктер сеңгірін аласартпай жалғастырып, оның көрсеткен өнегесі келешек ұрпақтар алар асқар асуларға қарай қаймықпай қанат қағар арман құсы боп алға самғай бермек.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның халық жазушысы

Көш басында өзіңсің

Әлі есімде, Мәскеудегі шәкірттік шағында жанарыңда шоқ, жүрегің толы мейірім, тұла бойыңда шіреген жігер бо-

латын! Сол жігер талай өмір талқысында да толастаған емес. Қай салада да қатарыңнан оқ бойы озық жүретін едің.



Оны сен ғылым жолында да, азаматтық парыз өтеу жолында да дәлелдеп келдің. Еліңнің игілігіне айналған қайрат-қажырың, ғылым жолындағы ересен еңбегің батыс-шығысқа белгілі болды. Әдебиет саласында Мұхтар Әуезов өлшем болса, ғылым саласында Қаныш Сәтбаев еді. Сен осы жолда еңбек еттің. Ұлтымыздың мақтанышына айналдың. О баста табиғат мол пішкен талант-жігеріңнің арқасында айтулы тұлғаға айналдың. Қай жерде қызмет етсең де, тындырымды қайраткер, тиянақты тәрбиеші болдың. Өзімізді былай қойғанда, сенен үлгі алған, дәрісінді тыңдаған талай мамандар Еуропада да, Азияда да аз кездеспейді. Ұстаз үшін одан артық зор мәртебе болар ма?! Фараби атындағы ғылым ордасының нақ бүгінгі мекемі – сен көтерген ғимараттар халық мақтанышы.

Қалтай МҰХАМЕДЖАНОВ,
Қазақстанның халық жазушысы

Сен халқыңның жүрегіндесің...

Тарих факультетінің өмірінен мынадай мысал келтірейін. Жаңадан ашылған Археология және этнология кафедрасы факультеттің «Археологиялық базасын» ертедегі орта ғасырда өмір сүрген Батыс Түрік қағанатының астанасы болған үлкен қаланың орнында осы аталған базаны салуға ұсыныс жасағанда, айдалада база бола ма деген сұрақты қоймай, оның керектігін түсініп, базаны сол жерде құру керек екеніне шешім қабылдады және оны

іске асыруда өзінің қамқорлығын ұдайы көрсетіп отырды, өзі барып та көрді. Тарих факультетінде оқыған студенттердің барлығы осы археологиялық базада практикадан өтіп отырды. Бұл орын үлкен ғылыми орталыққа айналды. Ширек ғасырдан астам уақыт Баласағұнда археологиялық қазба жұмыстары үздіксіз жалғасуда. Өмекеңнің жәрдемімен Қазақстанда алғаш рет ұшақ арқылы Баласағұн шаһары суретке түсірілді. Өмірбек Арысланұлы

– ұлы ғұлама ғалым. Өзінің мамандығы бойынша шәкірттер дайындаумен шектелмей, Қазақстандағы машина-техника ғылымының негізін салып, сол ғылымның атасы Өмекең деп айта алатын қателеспейтін шығармыз. Оның ғылымдағы үлесін дүниежүзінің аса салауатты мамандары мойындайды.

Уахит ШӘЛЕКЕНОВ,
профессор,
ҚР Гуманитарлық академиясының академигі

Тағылымы терең тағдыр

Қазақстанның ең жоғарғы заң шығарушы органы – Парламенттің демократиялық бағытта қалыптасуында, аз уақыттың ішінде жаңа белеске көтерілуінде, ең бастысы – мемлекетіміздің қоғамдық-әлеуметтік салада қарқында дамуына жол ашқан бірнеше, аса маңызды құжаттардың сапалы дайындалып, жүзеге асуында Өмірбек Арысланұлының үлесі өлшеусіз. Әрдайым қазақ ұлтының,

қазақ қоғамының қамын ойлап, қай қызметте жүрсе де, өзінде, уақытын да сарқа жұмсап, бар бітім-болмысымен көшін бастап жүрген ағамыздың қажымас қайратының бір қырын сонда анық аңғардым. Маған заң жобасының қазақша нұсқасын редакциялауды тапсырды. Әрбір сөйлемнің, әрбір сөздің мағынасы мен мәніне ерекше назар қоятын Өмекең сол жолы да осы заң тексіне байланысты ұзақ жұмыс істеді.

Уақытпен есептеспеді. Талай күндері мен түндерін осы заң жобасының сапалы, жоғары деңгейде жарық көруіне арнады. Өзі ерінбей, жалықпай, қолына қалам алып отырып, бүкіл тексті өңдеп шықты. Қазақ сөзінің әрбір мағыналық қыры мен стильдік астарларын терең білетіні мені қайран қалдырды.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
филология ғылымының докторы, профессор

У.А.ЖОЛДАСБЕКОВ О ЖЕНЩИНЕ:

Люблю ли 8 Марта? Есть анекдот: у одного человека спрашивают любит ли он помидоры. «Кушать люблю, – отвечает тот, – а так нет». А если серьезно, то я его обожаю и отношусь к нему с большими трепетом.

Это праздник всех женщин – и тех, которые ушли, и тех, которые есть, и тех, которые только что родились. Поэтому в эти дни мне особенно нехватает моей мамы, она умерла в 71-м. Для меня она была и остается идеалом женщины, богиней – в ней удивительно сочетались доброта и неприклонность, самопожертвование и диктат. И огромная воля...

И, конечно, моя супруга. Мы с ней знакомы, кажется, всю жизнь, дружили с девятого класса, а поженились, когда учились оба на пятом курсе Московского университета. Было это 4 апреля. В том, что я – это я, на 90 процентов заслуга моей жены. Конечно, это шутка, но на меньшее, я знаю, она не согласится.

«Караван», март, 1997 г.



Ұлылық

Ерлер қайда Ел деген ұранды ұстар
Адал туған ұлдарға ұлы алғыс бар.
Мына байтақ даланың аспанында
Азайып бара жатыр қыран құстар.

Көктен жерге құлдилап тірлік құсы,
Аза тұтты қазақтың тұңліктісі.
Мәңгіліктің аулына кетті жылжып,
Жиырмасыншы ғасырдың
бір мықтысы.

Сол тұста ғой Күн мен Ай тұтылғаны,
Ақ пен қара келген жоқ бітімге әлі.
«Өзіңді өзің дәлелде өмір барда», –
Осы – опасыз жалғанның бүкіл мәні.

...Тасты жарған мұздай көк тұма қандай,
Тұма бұлақ тұнжырап жылағандай.
Бадана көз кіреуке сырғып түсіп,
Бағаналы бәйтерек құлағандай.

Жарға соғып өр толқын тоқталады,
Қыл қобыздың күйі ащы боп барады.
Қыран көздер қия алмай жарық Күнді
Шоқтай жанып қияға көп қарады.

Қыран қанат қағады «қош» дегендей,
Қоштасуға күткендей досты елеңдей...
Өзі кетіп – бір жаққа –
көшкен елдей,
Жарқырап тұр шамдары өшпегендей.

Зиялы еді. Текті еді. Терең еді.
Саяз қалай тереңмен теңеледі.
Қиын өткел – осы бір қылта тұста
Кемел жандар көбірек керек еді.

Ұстаз еді. Ұлы еді. Айбатты еді.
Баһадүр деп таныған байрақты елі.
Қай тұстарда шағылып, шаршады екен,
Қыран мінез халқының қайраткері.

Халқын сүйген рухы тозбас дарын
Қиналғанның көреді көз жастарын...
Елге пана бола ма дегендерің
Ойлап кеткен заман бұл өз бастарын.

Өмір сүрді ол ақәділ мұратпенен,
Ғылым көзі – суалмас суат терең.
Қарғысына халықтың қалдырмайтын
Ұлылық бар өмірде Ұят деген.

Ішкі мықты рухпен еңселі елі
Бейуақытта теректер теңселеді.
Ұлылық – ол ұлтының зерделі ойын
Қаншалық көтергенімен өлшенеді.

...Жарға ұрады мезгілдің толқындары,
Кітаптарды оқиды ел Ол туралы.
Жұлдыздардың аулына көшіп кетті
Өркениет өкілі өр тұлғалы.

Күләш АХМЕТОВА

Пендешіліктен адамыз

(Ағамыздың 65 жасына орай)

Көктемнің алғаш күнінде
қазақ аулының бірінде
аямай тайын, сүрін де,
толғатып асыл анамыз...
өмірге солай келіпті
Өмірбек атты ағамыз.

Қиналсақ барар панамыз
қуансақ жабар жағамыз
тайғақта тағар тағамыз
есігін ашып алдына
еркелей басып барамыз –
алтын сөздерін естісек
еседі біздің санамыз.

Жеңгеміз қандай!
Көргенде барлық ерлердің аруы
сондай болса деп қаламыз.

Інілердің жалынын
қарындастың қадірін
білетін аға барында
пендешіліктен адамыз.

Сіз жүргенде арамыз –
саялы орда, салқын бақ
Мәжілісте жүрмес

Сіз барда
әділетсіздіктер тарпылдап!
Алауыздықты алқымдап
аман жүріңіз,

Ағатай,
алмас қылыштай жарқылдап!

Фарица
ОҒҒАРСЫНОВА

Әлемге мәшһүр
Өмірбек Арысланұлы
Жолдасбековпен жолға
шыға қалған сапарластар
ол кісінің нақты ғылымдар
саласындағы таңғажайып
тапқырлығы мен тамаша
қисындарынан хабардар
болып қана қоймай, ұтқыр
ойлы шешендігіне де тәнті
екенін әңгімелейді.
Төменде осындай жол-
жөнекей жоралғы сұхбат
есебінде «қойын дәптер
қорына» түскен лебіздер-
дің бір парасын оқырман
назарына ұсынуды жөн
көрдік.

– Бірлігіміз нығая ма, Өме-
ке?

– Оған шүбә келтірсең, мені
мазаламай-ақ қой, шырағым.

– Билікке таластыңыз ба?
– Таластым, шырағым, бі-
рақ тақ үшін емес, тазалық
үшін таласқанымды біліп қой-
ғаның жөн болар.

– Арыстан мықты ма, әлде
жолбарыс па?

Қойын дәптер қорынан

– Қышыма сауалыңның қа-
сымасын айтайын. Шырағым,
мен аңдармен емес, аң тектес
адамдармен күресіп жүрмін
ғой.

– Өзіңізге мін бар деп ой-
лайсыз ба?
– Оған уақытым жоқ. Бірақ
мінсіз кім бар деп ойлаймын.

– Сіз өмірі қорықпай сөй-
лейсіз. Соның сыры неде?
– Өйткені қолы таза қорық-
пайды, шырағым.

– Сіз көп адамға жақсылық
жасапсыз. Бірақ солардың бі-
разы бұрылып кетіпті.
– Е-е, бауырым-ай, «Жақ-
сылыққа жамандық – әр адам-
ның ісі, жамандыққа жақсылық
– нар адамның ісі» дегенді біл-
меуші ме едің?

– Сізді біреулер жершіл деп
жүр ғой.



– Е-е, шырағым, ол жерін
таппағандардың желігі ғой.

– Ел аралағанда сізді ерек-
ше күтеді дейді ғой.
– Шырағым, ол мені емес,
өзін күткені емес пе...

– Балаларыңыздың бәрі
оқымысты көрінеді.
– Өкесіне тартқан ғой.

– Қартая бастаған кісі әйе-
лін көп мақтайды деуші еді. Сіз

де солаймысыз деп қалдым.
– Ол әйелді емес, Ананы мақ-
тағаным екенін түсінбеспіз-ау.

– Сізге әуелі уәде беріп,
кейіннен қарсы жұмыс істей-
тіндер табылады екен ғой.
– Е-е, онсыз қазақ бола ма,
шырағым.

– Кешіріңіз, ауырдыңыз ба?
– Шырағым-ай, сауыққа-
нымды сұрамай, ауырғанды
сұрадың-ау. Соған қарағанда
өзің де сау емессің-ау.

– Сонда да болса...
– Қызығымды бөлісіп, қия-
нат жасағандарды көргенде
ауырам.

– Қасыңыз көп пе, досыңыз
көп пе?
– Қас санауға уақытым жоқ.
Өйткені дос түгендеп жүрген
жанмын.

– Сыйлық берсе аласыз
ба?
– Ізет болса алам, ал мені
ауыртар сүзек болса алмай-
мын.

– Отырған жеріңіз өзіл-күл-
кіге қарық болады екен.
– Күлкісіз күнің – ұйқысыз
түнің сияқты емес пе...

– Шәкіртіңіз көп екен.
– Саналыны шәкірт етуге
тырысатынымнан шығар.

– Ит жылына не тілек айтар
едіңіз?
– Иттік аз болса екен.

«Қазақ әдебиеті» газеті,
4 наурыз 1994 жыл

Умирбек Джолдасбеков — это явление, которое нечасто встречается в истории. Его появление в Казахстане говорит о величии и духовном богатстве нашего народа. Академик Джолдасбеков известен как выдающийся ученый, организатор науки и образования, а также, как политический и государственный деятель. Он основал казахстанскую школу механики роботов и теории механизмов и машин, и его научная деятельность опережала свое время. Однако, его личность не исчерпывается этими достижениями. В нем было нечто большее, что делает его уникальной фигурой. Нам еще предстоит глубже понять его мировоззрение и философию. Человек века, Аль-Фараби XX столетия, был многогранной и разносторонней личностью, сыгравшей ключевую роль в создании Казгуграда. Он стал легендой еще при жизни, хотя его уже нет с нами 27 лет, его идеи и достижения продолжают жить в умах и сердцах людей. Его мудрость, масштабность и широта взглядов, неутомимость и идейность продолжают вдохновлять общественность. В память о великом ученом в КазНУ имени Аль-Фараби состоится торжественное мероприятие, посвященное его 95-летию. В рамках которого, при поддержке Председателя Правления – Ректора академика Түймебаева Жансеита Кансеитовича, будет открыт Научно-технический клуб цифровой инженерии имени академика У.А. Джолдасбекова.

Сегодня о своем легендарном отце рассказывает его дочь – профессионал высокого класса, талантливый ученый, академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, декан филологического факультета КазНУ имени Аль-Фараби БАЯН ДЖОЛДАСБЕКОВА.

– Баян Умирбековна, соотечественники знают Вашего отца, как выдающегося ученого, влиятельного политического и общественного деятеля, лидера. Однако, каким он был в повседневной жизни, когда был окружен только близкими?

– Умирбек Арисланович был не только великолепным отцом и мужем, а настоящим примером для подражания. Он проявлял постоянную заботу и внимание к детям, был любящим супругом. Отношения между нашими родителями, на протяжении всей их жизни, были полны нежности и взаимопонимания. Наш дом всегда был наполнен уютом и теплом. Умирбек Арисланович и мама воспитали троих детей. Мой старший брат Скандербек стал академиком, доктором технических наук, профессором и директором института механики и машиностроения имени У.А.Джолдасбекова. Очень рано, в самом расцвете сил, в 2016 году, он ушел из жизни. Я – академик, доктор филологических наук, профессор и декан филологического факультета, где долгие годы возглавляла кафедру моя мама –

Баян ДЖОЛДАСБЕКОВА,

академик НАН РК при Президенте Республики Казахстан

Он родился, чтобы стать лидером

Общение с папой вдохновляло и окрыляло, придавало уверенности в себе. Он говорил: «Невыполнимых задач не существует. Если что-то не получилось с первого раза, просто продолжай работать над этим. Не боги горшки обжигают».

Я благодарна папе за то, что он привил мне чувство ответственности. Сам он был ответственным во всем: в работе, в отношениях с близкими, в воспитании детей, в жизни, в целом. Для него не существовало мелочей.



одобрение. Мои самые счастливые школьные воспоминания – это вечера, когда папа занимался со мной. Это было мое личное время. Умирбек Арисланович, безусловно, оказал огромное влияние на всю мою жизнь. Родиться в семье таких людей, как мои родители, – это очень большое счастье. Говорят, незаменимых людей нет, но я уверена, что мой отец уникален для науки, государства и общества. Его научное наследие, талант, жизненный опыт, формула успеха еще не осмыслены. Нам, его потомкам, предстоит понять его наследие.

– Его вклад в науку Казахстана действительно значителен. Он был активным политическим и общественным деятелем, оставившим богатое наследие.

– Международное инженерное сообщество называет его великим ученым XX века,

сравнимым с Аль-Фараби. Отец серьезно относился к науке и получил более 400 патентов и авторских свидетельств. Он заложил основы теории механизмов и машин в Казахстане, развил эту сложную и важную науку с нуля, впервые в нашей стране выпустил русско-казахские терминологические словари. Он предвидел необходимость сильного и профессионального инженерного сообщества для будущего Казахстана. Его механизмы и роботы казались фантастикой в то время, но сейчас разработки академика стали основой современных технологий. Умирбек Арисланович Джолдасбеков основал Инженерную академию РК, Институт механики и машиностроения, Международное инженерное пространство в Центральной Азии. Хочу особо отметить, что он внес серьезный вклад в развитие Парламентаризма, был инициатором Парламент-

ских слушаний, закона о науке и др. Он – создатель и строитель уникального студенческого городка Казгуград – гордости высшей школы Казахстана. Умирбек Арисланович всегда смотрел вперед, опережая свое время и не останавливаясь на достигнутом. Он родился, чтобы стать лидером.

– Его с полным правом можно назвать отцом казахстанского студенчества.

– Не случайно Дворец студентов КазНУ имени Аль-Фараби носит его имя. Папа уделял огромное внимание студентам, любил жизнь, очень тепло относился к молодежи, считал, что студенты – хозяева университета. Казгуград, стал, как он часто говорил, его четвертым ребенком. Он лично следил за каждым этапом строительства. Строительством Казгуграда стало возможным исключительно благодаря ему. Это тот уникальный случай, когда личность сыграла решающую роль, несмотря на контроль со стороны Москвы и необходимость отстаивать интересы Алматы и Казахстана в решении финансовых и земельных вопросов. Он относился к студенчеству с отеческой теплотой, способствовал расцвету студенческой жизни, развитию спорта и художественной самодеятельности. В КазГУ часто приезжали лучшие артисты из Москвы и Ленинграда. Я помню огромные очереди студентов и абитуриентов в приемные дни Ректора Джолдасбекова, он успевал принять каждого. Его умение быстро находить правильные решения и обязательно выполнять свои обещания, снискали ему любовь и уважение студентов, которые ласково называли его «дядюшка Джо».

– Какой принцип был основой жизни Умирбека Арислановича до конца его дней?

– Отец испытывал необъятную любовь и глубокое почтение к своему родному казахскому народу, видя в нём воплощение величия и высоких идеалов. Он жил и трудился, стараясь сделать жизнь своей Родины лучше, вдохновлялся нашей богатой культурой и историей. Его сердце всегда было полно уважения и любви к своей Отчизне и он, своим личным примером, всей своей яркой жизнью щедро делился этим чувством с окружающими и нами, своими детьми, чтобы мы гордились своим наследием и честно трудились для его сохранения и приумножения.

– Баян Умирбековна, благодарим за интервью. Поздравляем Вас с 95-летием Умирбека Арислановича Джолдасбекова!

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ



академик Мая Михайловна Багизбаева.

Наша младшая сестра Гаухар – кандидат технических наук, много лет живет и работает в Австрии.

Мы очень счастливые дети, потому что выросли в семье потрясающе необыкновенных, удивительных людей. Родители никогда не навязывали нам своё авторитетное мнение, а давали возможность свободно размышлять и развиваться самостоятельно. Несмотря на свою высокую занятость, папа и мама всегда находили время для общения с нами. Отец умел объяснить самые сложные вещи так, что они становились понятными.

Умирбек Арисланович обладал высочайшим педагогическим даром и талантом, видел в каждом из нас скрытые способности. Он поощрял наши творческие начинания, занятия спортом, музыкой, живописью, но всегда ставил учебу на первое место.

– Баян Умирбековна, каково это, быть дочерью Умирбека Джолдасбекова?

– С самого детства я понимала, что мой отец необыкновенной, сильно отличается от других. Это вызывало у меня особое чувство гордости. Мы, дети, никогда не злоупотребляли высоким положением отца. Наоборот, ко мне и моим брату и сестре всегда предъявлялись более высокие требования. Учителя и другие взрослые ожидали от нас, детей Джолдасбекова, большего, чем от наших сверстников. Мы очень старались соответствовать нашей фамилии и искренне гордились своими родителями.

– Какие воспоминания об отце остаются с Вами из разных периодов жизни?

– Моя жизнь делится на два периода: с родителями и без них. Все, что связано с отцом, кажется архиважным. Когда он был рядом, каждый день был ярким и особенным. Я всегда стремилась заслужить его



Ұлағатты ұстаз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанда машиналар мен механизмдер теориясы және робототехника ғылымдарының негізін қалаушы ғұлама ғалым Өмірбек Жолдасбеков 1931 жылы 1 наурызда Шымкент облысы Сайрам ауданы Қызыл су ауылында дүниеге келген. Өмірбек Арысланұлы Шымкент қаласындағы №7 орта мектепті алтын медальмен бітіріп, 1949-54 жылдары М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінде дәріс алады. Осы университет қабырғасында Кеңес Одағында машиналар мен механизмдер теориясының негізін қалаушы академик И.И.Артоболевскийдің ғылыми жетекшілігімен «Ассур механизмінің кинематикасы» тақырыбында дипломдық жұмыс қорғайды.

жылы 1 қарашада «Сандық технологиялар және робототехника» ғылыми білім беру орталығы ашылып, 2025 жылы осы орталықтың негізінде Қытайдың Huibo Robotics компаниясымен бірлесіп «Сандық технологиялар және робототехника» халықаралық институты және

параллель роботтар (триподтар) жасалған. Олардың техникалық сипаттамалары алты аяқты параллель роботтарға (гексаподтарға) қарағанда жоғары және аэроғарыш, аддитивті технологиялар салаларында пайдалануға болады.

Гуманоид роботтар саласында отандық қашықтан басқарылатын әлеуметтік «Ai-Gerim» гуманоид роботы жасалуда. Роботтың басы мен тұлғасы параллель манипуляторлар арқылы қозғалысқа келеді. Бұл адам тәрізді қозғалыстар мен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. «Ai-Gerim» гуманоид роботы физикалық мүмкіншілігі шектеулі жандарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Олар үйде отырып Wi-Fi байланысы арқылы «Ai-Gerim» роботын қашықтан басқарады, ал робот музейлерде, супермаркеттерде және басқа да қоғамдық орындарда гид, кеңесші, сатушы және т.б. функцияларды орындайды.

RoboMesh класты параллель манипуляторлар роботтардың жұмыс істеу мүшелерінің берілген қозғалыстар жасайтын қасиеттеріне және механизмдердің жетекші буындарының қозғалыс заңдарының берілу қасиетіне ие параллель манипуляторлар жатады. Сондықтан RoboMesh класты параллель манипуляторлардың басқару жүйелері қарапайым, жылдамдықтары жоғары және оларды автоматты машиналарда қолдануға болады. Институтта патенттермен қорғалған координаталар жүйесінде жұмыс істейтін, екі жүгірткілі және екі жұмыс мүшелері бар RoboMesh класты параллель манипуляторлар жасалып, зерттелуде. Бұл параллель манипуляторларды суық штамптау автоматты желісінде пайдалануға болады.

Институттың ғылыми зерттеу жұмыстары және PhD докторларын даярлау Америка Құрама Штаттарының Лоуренс технологиялық университеті (проф. Тарек Собх) және Бриджпорт университеті (проф. Сарош Пател), Францияның Пуатье университеті (проф. Мед Амин Лариби), Италияның Калабрия университетімен (проф. Джузеппе Карбоне), Қытайдың Шаньдун ғылым



Академик Өмірбек Жолдасбековтің ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ



1954-58 жылдары Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтында мұғалім және декандық қызметінен кейін, 1958-62 жылдары Мәскеу тоқыма институтының аспирантурасында оқып, тоқыма станоктар динамикасын зерттеуден кандидаттық диссертация қорғайды. Дегенмен Өмірбек Арысланұлының негізгі ғылыми бағдарламасы сол Ломоносов университетінде академик И.И.Артоболевскиймен бірге бастап жүргізген жоғары класты Ассур механизмдері. Жоғары класты Ассур механизмдері тұйықталған айнымалы кинематикалық тізбектерден тұратындықтан, олардың функционалдық мүмкіндіктері өндірісте қолданылып жүрген Сильвестер диадаларына қарағанда өте жоғары. Қазіргі дүниежүзілік робототехника саласындағы қарқынды дамып келе жатқан тұйықталған кинематикалық тізбектерден тұратын параллель роботтардың негізі осы жазық және кеңістік жоғары класты механизмдер екені анық.


Академик Жолдасбековтің осы саладағы Қазақ ұлттық

университетінде 1970-86 жылдары ректорлық қызметімен қатар, өзінің шәкірттерімен жүргізген ғылыми жұмыстары халықаралық деңгейде болды. Өмірбек Арысланұлы 1970 жылы 39 жасында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры қызметіне тағайындалып, «Машиналар және механизмдер теориясы» мамандығы университеттің механика-математика факультетінде оқытыла бастады. Осыған дейін машиналар мен механизмдер теориясы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңес Одағында техникалық институттарда ғана оқылатын пән болатын. Машиналар және механизмдер теориясы – математика, механика, информатика білімдерін қажет ететін және қазіргі робототехниканың негізі болып саналатын күрделі ғылым. Сондықтан машиналар және механизмдер теориясы пәнінің іргелі университет қабырғасында ашылуы осы ғылымға үлкен серпіліс берді. Университетімізде Өмірбек Арысланұлының жетекшілігімен «Машиналар мен механизмдер теориясы» маман-

дығы бойынша мамандар, ғалымдар даярлана бастады. Мәскеудегі Кеңес Одағы Ғылым академиясының А.А.Благонравов атындағы Машинатану институтындағы докторлық кеңестен кейін Кеңес Одағында екінші докторлық диссертациялық кеңес ашылды. Осы кеңесте қазақстандық ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар Қырғызстан, Өзбекстан, Өзірбайжан, Армения, Ресей, Украина, Белоруссия Республикалары ғалымдарының докторлық диссертациялары қорғала бастады. Осы кезеңде университетте жоғары класты механизмдердің аналитикалық теориясы құрылып, олардың негізінде отандық және шетелдік патенттерімен қорғалған жаңа жүк көтергіш, тиегіш және қармауыш манипуляторлары жасалды. Университетте осы манипуляторларды әзірлейтін тәжірибелік өндіріс және робототехника саласы бойынша Республикалық ғылыми әдістемелік орталық ашылды.

Бұл күндері ұлы ұстазымыздың ұлағатты өсиеттері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғасын табуда. Университетімізде 2017

Робот орталығы құрылды. Институт пен Робот орталығы Huibo Robotics компаниясының алдыңғы қатарлы сандық технологиялар, робототехника, мехатроника және жасанды интеллект қондырғыларымен жабдықталып, Farabi Hubта ауданы 600 м² ғимаратта орналасқан. 2018 жылы университеттің механика-математика факультетінде «Робототехникалық жүйелер» оқу бағдарламасы ашылып, робототехника



және мехатроника салалары бойынша мамандар даярланды. Университетте сонымен қатар Farabi Robotics орталығы жұмыс істейді.

Халықаралық институттың ғылыми жұмыстары параллель роботтар, гуманоид роботтар, RoboMesh класты параллель манипуляторлар бағдарламалары бойынша жүргізілуде.

Параллель роботтар саласында жоғары класты кеңістік механизмдер негізінде патенттермен қорғалған үш аяқты

академиясымен (проф. Ли Циан) бірлесіп жүргізілуде.

Академик Өмірбек Жолдасбековтің ғылыми еңбектері отандық және халықаралық деңгейде осылай жалғасын табуда.

Жұмаділ БАЙҒҰНШЕКОВ,
«Сандық технологиялар және робототехника» халықаралық институтының ғылыми жетекшісі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі



Слово об ученом и организаторе науки



В эти дни общественность нашей независимой Республики Казахстан отмечает славный юбилей, 95-летие со дня рождения преданного сына нашей страны, выдающегося педагога, ученого и организатора науки Умирбека Арыслановича Жолдасбекова. Пользуясь данной возможностью мне хотелось бы поделиться своим личным отношением к Умирбеку Арыслановичу.

Мне посчастливилось впервые познакомиться с Умирбеком Арыслановичем в 1973 году, в год окончания университета и поступления в аспирантуру биологического факультета. Он запомнился мне как открытый, целеустремленный и компетентный человек. Мы, молодые выпускники университета, смотрели на Умирбека Арыслановича как на надежного человека и он внушал на нас большое доверие. И мы в этом не ошиблись. И последующие годы развития нашего университета и университетского городка позволили нам работать в комфортных условиях, в прекрасных учебных корпусах, аудиториях и лабораториях. Благодаря заботе нашего ректора Умирбека Арыслановича мы успешно и в срок защитили свои диссертации. Мы благодарны Умирбеку Арыслановичу за поддержку и за то – что он верил в нас. В последующие годы работая в университете я неоднократно встречался с Умирбеком Арыслановичем работая в качестве заместителя декана по учебной работе биологического факультета и в Комитете комсомола нашего университета. Умирбек Арысланович отличался большой позитивной энергией, трудолюбием и добротой. Он высоко ценил труд сотрудников университета.

«Хороший человек тот, который живёт преимущественно своими мыслями и чужими чувствами». Именно это высказывание великого писателя Л.Н.Толстого определяет жизненную позицию известного и крупного ученого, видного государственного и общественного деятеля, педагога и корифея в системе образования, академика НАН РК, человека интересной судьбы Умирбека Арыслановича Жолдасбекова. Мне кажется, что он относится к той категории людей, которые своим ежедневным кропотливым трудом создали прочный фундамент для становления и укрепления системы образования и науки. Яркое, увлекательное и долгие годы жизни и трудовой путь Умирбека Арыслановича, одного из самых видных представителей национальной интеллигенции, гражданина – патриота своей страны.

За свою жизнь, ставшую образцом плодотворного труда, внес огромный вклад в развитие науки и образования республики и, особенно, в развитие КазНУ им. аль-Фараби. Благодаря своим масштабным и замечательным качествам, Умирбеку Арыслановичу удавалось решать сложные задачи в области образования и науки.

Умирбек Арысланович является автором многочисленных научных статей, учебников, монографии и патентов.

За большие заслуги в развитии науки и образования У.А. Жолдасбеков был награжден многочисленными государственными наградами: орденом Ленина, двумя орденом Трудового Красного знамени, Почетными грамотами Верховного Совета КазССР, присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки КазССР» и присуждена Государственная премия КазССР в области науки и техники. Академиком У.А.Жолдасбековым подготовлено более 20 докторов наук и более 60 кандидатов наук. По-существу была создана целая научная школа под руководством Умирбека Арыслановича в области теории машин, прикладной механики и работотехники в Республике Казахстан.

Умирбек Арысланович – скромным неустанным тружеником, обладавшим высокими личностными качествами. Человек, который собственным жизненным примером воспитывал людей. Он добрый пример для всех рядом идущих. Он умел, возвышая одних, не унижать других. Ценил людей по труду и профессионализму.

Мне кажется, что у юбиляра больше доброжелателей, чем недоброжелателей, так как он сеял вокруг себя много добра, учил и помогал другим, не обижая других, такими качествами могут обладать только умные, воспитанные, хорошие и мудрые люди, безусловно, таким был, есть и будет наш многоуважаемый Умирбек Арысланович Жолдасбеков.

Султан ТУЛЕУХАНОВ,
доктор биологических наук,
профессор, академик НАН РК,
заслуженный работник РК

**Ұлы педагог-ғалым
Өмірбек Арысланұлы
Жолдасбеков –
студенттердің үміт
ұшқынын маздатқан,
білім мен ғылымға
деген сенімін
арттырған дара тұлға.**

Өмірбек Арысланұлы туралы оның Қазақстандағы білім мен ғылым саласындағы атқарған еңбектері, мемлекеттік тұрғыдан басқару істеріне араласқан кездерінде: жоғары оқу орындарында кафедра менеджері, факультет деканы, оқу істері жөніндегі проректор, ректор, инженерлік академияның президенті болған жылдарында қатар жүріп, бірге жұмыс істегендердің әртүрлі тақырыпта көптеген басылымдарда жазған естеліктері айтарлықтай жарияланған.

Менің «Ұлы педагог ғалым» деп жазуымның себебі – ағамыздың өз өмірі заманында Қазақстанның ең ірі жоғары оқу орындарында: Шымкенттегі, сол жылдары Қазақ технологиялық институты деп аталған, сонан соң Алматыдағы Қазақ политехникалық институты, қазіргі Қаныш Сәтбаев атындағы ұлттық политехникалық зерттеу университеті, кейіннен өмірінің 16 жылын алғашында С.М.Киров атындағы деп аталған, бүгінде Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ректорлық қызметін атқарды. Осылармен қатар, өзі ұйымдастырған Қазақстанның инженерлік академиясының президенті қызметінде болды. Қазақстан Республикасы егемен мемлекет болған жылдары алғашқы сайланған Парламенттің депутаты болып қызмет атқарды және Қазақстан Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Осы қызметтердің бәрінде Өмірбек Арысланұлы жоғарыда аталған оқу орындарында мыңдаған студенттерге, олардың күнделікті өмірінде ең қажетті дүниелер: жатақхана, әрбір мамандықтарына сай материалдық-техникалық база, оқу жабдықтары мен зертханалар, оқулықтар, кітапхана қоры, оқу құралдары мен ғылыми монографиялар, студенттік стипендия, оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етілуі қарастырылып отырды.

Ұлы педагогтың өмір тарихына арналған басылымдармен танысқанда осы аталған қажеттіліктердің бәрі оқу жүйесінің талаптарын іске асыруда маңызды мән берілетіні айтылады. Жалпы, «ұлы» деген тіркес сөзді осы мақалаға арнап қосып қолдануым – еске алып жазылып отырған мәселелерге байланысты. Өмірбек Арысланұлының мемлекеттік қызметті іске асыру барысында әрбір студент, әрбір ұстаз педагог бір шаңырақ астында қызметтес болған азаматтардың жүрек жылуымен еске алып отырғандары ұлылықтың нышандары деп білемін.

Менің Өмірбек ағамен таныстығым бала кезімнен

Абыз аға



басталған болатын. Себебі ол менің туған ағам Сәдуақас Темірбековпен Шымкент қаласындағы Кеңес Одағының Батыры Қарсыбай Спатаев атындағы №7 қазақ орта мектебінде 8-10 сыныптар аралығында бірге, бір класта оқыған болатын. Сол жылдары мектептегі оқу жүйесінде қалыптасқан тәртіп бойынша әрбір тоқсаннан кейін берілетін бір апталық демалыс (каникул) күндері екеуі біздің ауылға, үйге келетін. Ауылымыз қасиетті Қазығұрт тауының етегінде орналасқандықтан, олар осы таудың ең биік шыңы – «Кеме қалғанға» серуендеп барып қайтатын. Онжылдық мектепті алтын медальға бітірген соң, Өмірбек ағамыз Мәскеуге жоғары оқу орнына, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түсті.

Жылдар өтіп, ауылдағы жетіжылдық мектепті бітірген соң, мен өзім де Шымкент қаласына барып, ағаларымыз оқыған №7 Спатаев атындағы мектепке куәлігімді тапсырдым. Мектептің ішімен танысу үшін дәліздегі тепкішектермен екінші қабатқа көтерілген жерінде мектепті әр жылдары бітірген тұлғалардың естелік суреттері ілулі тұр екен. Бірден ерекше көзіме түскендердің ішінде Өмірбек Жолдасбеков ағамыз онжылдықты бітірген жылы 10 оқушы алтын медальға бітірген екен. Бұл мектепті басқа оқу жылдары да алтын медальға бітіргендер болған, бірақ қатарынан бір жылда 10 оқушы бітіргендердің суретін көрмедім.

Ұлы педагог ғалым Ө.Жолдасбеков 1970 жылы сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (ҚазМУ) ректоры болып тағайындалды. Сол жылдары география факультетінің деканы, г.ғ.д. А.В.Чигаркин ҚазМУ-дың ғылыми істер жөніндегі проректоры болып жұмыс істеді. Сәті түсіп бір өңгімелескенде, профессор А.В.Чигаркин жаңадан проректор болып сайланған кезінде оған ректор Ө.Жолдасбеков: «Біз келешекте Қазақ мемлекеттік университетінің профессорлық-педагогикалық ұжымының ғылыми әлеуетін жоғарылатып, жаңа дәрежеге көтеруіміз қажет. Сол үшін сіз университеттің ғылыми

істер жөніндегі проректоры ретінде біздің университетті жақсы оқып бітірген студенттерге мақсатты аспирантурадан орын бөліп, Мәскеу мемлекеттік университетіне жіберіп, жас ғалымдарды дайындауға кірісіңіз», – деп тапсырма берген екен.

Өмірбек ағамыздың педагог ғалым кадрлар даярлау саясаты іске асырылып, көптеген студент жастар тек ММУ-ға ғана емес, сол жылдары Мәскеу, Ленинград, Новосибирск, Киев, Харьков, тағы басқа қалалардағы жоғары оқу орындарына қазақстандық студенттер ауыстырылып, ол жақтағы оқу орындарын үздік бітіріп, елімізге қайтып оралды. Олардың бәрі бүгінде республикамыздың жоғары оқу орындарының ардақты ұстаздары болып жұмыс істеуде.


Өмірбек ағамыздың қазақ тілін білім мен ғылым тіліне айналдыруға қосқан еңбектерінің орны ерекше. Оның қазақ тілінде жазған еңбектері – «Механизмдер мен машиналар теориясы», «Жоғары класс механизмдерінің теориялық негіздері», «Машина бөлшектерінің беріктігі мен сенімділігі», тағы басқа да инженерлік механикаға және жоғары оқу орындарына арналған басылымдар бар.

Өмірбек Арысланұлы Қазақстан Республикасының білім беру саласы мен ғылымының дамуына ерекше еңбек сіңірген тұлға. Оның осы салалардың дамуына қосқан үлесін мемлекеттік тұрғыдан жоғары бағалап, оның есімімен Шымкент қаласындағы жалпы орта білім беретін мектеп, Алматы қаласындағы үлкен даңғыл, өзі бар күш-жігерін салып, ұйымдастырып тұрғызып КазГУрад қалашығындағы Студенттер сарайы оның атымен аталады.

Біздің көңілімізде Өмірбек аға қарапайымдылығымен, жігерлілігімен, жұмыс орнындағы жоғары жауапкершілігімен, студенттерге деген аса зор қамқорлығымен есімізде мәңгі сақталады.

Амангелді ТЕМІРБЕКОВ,
география және табиғатты
пайдалану факультеті
География, жерге
орналастыру және кадастр
кафедрасының
профессоры

ҰЛТ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында
басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000
Тапсырыс №405

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.